

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

АБАЙТАНУ

ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР

VII том

Алматы
«Қазақ университеті»
2016

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

А 13

Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология, өдебиеттану және әлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі және

Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған

(№1 хаттама б қараша 2015 жыл)

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жасындағы

Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған

ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Ж. Дәдебаев (терага), О. Әбдіманұлы, З. Бисенғали, Т. Есембеков,
А. Жаксылықов, Қ. Мәдібаева, Ж. Молдабеков, З. Сейітжанов, Ә. Тарак,
А. Темірболатова, Ж. Тілепов, Р. Тұрысбек, П. Бисенбаев (хатшылар тобының
жетекшісі), И. Әзімбаева (жаяупты хатшы), Ә. Жапарова (хатшы)

Пікір жазған

филология ғылымдарының докторы, профессор Ә. Тарак

Жалпы редакциясын басқарған

филология ғылымдарының докторы, профессор Ж. Дәдебаев

Құрастырып, түсінкітерін жазғандар:

П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Жаяупты редактор

филология ғылымдарының докторы, профессор Ж. Тілепов

А 13 **Абайтану.** Таңдамалы еңбектер. VII том. Ойлар мен толғаныстар / құраст., түсінік. жазғ.: П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ; жаяупты ред. З. Бисенғали; жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 307 б.

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)

ISBN 978-601-04-1681-9 (VII том)

Жетінші томда Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының шығармашылық мұрасы туралы тәуелсіздік жылдары жарық көрген таңдамалы еңбектер топтастырылған. Оларда Абайдың шығармашылық тұлғасы мен әдеби мұрасының, даналауқ ойлары мен суреткерлік өнерінің тарихи мөні мен бүтінгі күн үшін маңызы көрсетілген. Кітап абайтанушыларға, магистранттар мен докторанттарға, Абай әлемін терең тануға талаптанған көпшілікке арналған.

Том 3979/ГФ4 – «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)

ISBN 978-601-04-1681-9 (VII том)

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жасындағы
Абай ғылыми-зерттеу институты, 2016

Айнаш Сейітова

АБАЙ МЕН САҒДИ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҰҚСАС ОЙ САРЫНДАРЫ

Абайдың балаң кезінде медет сұраған ақындарының ішінде шираздық Сағди есімі де құрметпен аталады. Тәжік ғалымы У. Мирсоидов «Абай және тәжік әдебиеті» атты мақаласында: «Шығыс сюжеті мен тақырыбын творчестволықпен менгере отырып, ол ұлттық көркемдіктің кілтін тапты. Бұл жолда ол балауса балалық көзқарастан, зиялы ойлы көзқарас сатысына өтті. Фирдоуси мен Сағдиді тани отырып, адам ұлылығы мен жасампаздығын, үйлесімділігін таныды. Әлеуметтік әділетсіздік пен теңсіздікті танып-білуде, бағалауда, адамгершілік ой-тұжырымдарының қалыптасуында Фирдоуси мен Сағдидің әсері мол болды. Ұлы Абай өзінің ағартушылық қызметінде ол идеяларға жаңаша мән берді» [1, 114] деп таратып айтады.

Сағди өзінің басқа классиктерден дара прозасы мен поэзиясы арқылы парсы тілін шарықтау шегіне жеткізді, шешенендіктің озық ұлгісін танытты. Сағдидің ақындық данқының, аумақтық ауқымының көңекендігін өзі көзі тірісінде-ақ көрегенділікпен жеткізген: «Жеті ел» бүгіндегі, Сағди сөзінсіз жиылыс жасамайды [2, 7]. Ертедегі жағрафиятанушылардың пікірі бойынша «жеті ел» құрамына шартты тұрдегі тәмендегі мемлекеттер кірген екен: Үндістан, Эфиопия, Мысыр, Сирия, Рум, Осман, Шын елі мен Иран.

Сағди өмірінің көп бөлігін туған жерден жырақта, жиһан кезүмен өткізді. Сағди поэзиясының антологиясын зерттеушілер ақынның төрткүл дүниені шарлап шыққанына құмән келтірмейді. Ақынды Мысырға, Эфиопияға, тіпті Еуропаға дейін сапар шекті дейді. Жиһанкез ақын өмірдің ашы-тұшысын молынан тартып, талай ел жүртпен танысып, өзінің туған жері Ширазға оралады. Ақын өмірден көрген-білгені мен көnlіне түйгендерімен оқырманымен бөліскісі келгенін «Бустанды» жазу себебі деген бөлімде түсіндіреді:

Төрткүл әлемді шарлап,
Әр түрлі адамдармен кездестім.
Әр аймақтың әмбін татып,
Әр қырманнан масақ жиғдым [2, 161].

Сондықтан да ақынның адамгершілікке толы сыршыл жырларының әлемнің түкпір-түкпірінде ешқандай отырыстың сәні болмайтыны да түсінікті жағдай.

Сағди ең алғаш рет парсы поэзиясында ғана емес, сонымен бірге әлемдік әдебиетте «адамгершілік», «адамшылық» ұғымын қалыптастырып былайша жеткізген:

Адам перзенттері бір дененің мүшесі
Өйткені (олар) бір негізден жаратылған
Бір күні бір мүшे ауруға шалдықса
Басқа мүшелердің де берекесі кетеді.
Басқалардың қайғысын бөліспеген сенің
Атынды адам деп атауға болмайды [2, 27]

Сағидің бұл өлеңі Біріккен Ұлттар Ұйымының ғимаратының маңдайшасында адамгершілік ұраны ретінде жазулы түр. Шығыстанушы ғалым И. Али-Заде бауырмал парсы шайырының осы өлеңі хақында: «Разбирай смысл этих строк, можно заметить, что более 100 лет назад до рождения Томаса Мора Саади выдвинул утопическую идею равенства всех людей и рас» [3, 121] деген пікір білдіреді.

Осы ретте академик Н.И. Конрадтың жалпы адамгершілік-тік идея тұрғысындағы тұжырымының мәні де өте құнды: «Идея гуманизма есть высшая по своей общественной значимости этическая категория. Она всегда была высшим критерием настоящего человеческого прогресса» [4, 485].

Абайдың да адамгершілік тақырыбына жазылған өлеңдері арқылы әлемдік адамгершілік, адамтану іліміне қомақты үлес қосқаны анық. «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» өлеңінде ақын: «Адамзаттың берін сүй бауырым деп» деген сөздері арқылы Адам баласын ұлтына, түр-түсіне, тегіне, жүзіне бөле-жармай,

барлығына бірдей сүйіспеншілікпен, мейіріммен қарau керек екендігін, олардың барлығының тен екендігін адамгершілік тұрғыдан байыптайды. Енді бірде Абай «Әкесінің баласы – адамның дұшпаны. Адамның баласы – бауырын» [5, 188] деп тағы да адамгершіліктің ақ байрағын жоғары көтереді.

Абайдың Шығысқа қатысын зерттеген адайтанушы ғалым М. Мырзахметұлы Шығыс классиктерімен Абайдың шығарма-шылық байланысы эсіресе ақын жазған дидактикалық сарындағы өлеңдерінен ерекше байқалатының, Абай өлеңдеріндегі Шығыстан келген ой ортақтастығы мен өлең өрнегіндегі соны үлгілердің де біршама сезілетінін атап айтады [6, 163]. Бірақ бұл мәселені зерттеуші андату ретінде ғана атап өтіп, өз ойын тереңдетіп жатпайды және де аталған белгілердің, әсіресе, дидактикалық сарынның Абайдың нақты қай шығармасынан көрініс беретінін ашып айтпайды.

Дидактикалық дастанды белгілі түркітанушы ғалым А. Егеубаев «ақылман дастан» деп атап, бұл дастанның Шығыс әдебиетінде, Шығыс өркениетінде ежелден белгілі ағым екендігіне, ондай жанрдың арабтарға, ұнділерге, парсыларға ықылым заманнан мәлім екендігіне тоқталады [7, 35].

Парсы әдебиеті классиктерінің дидактикалық жанрда шығарма жазған ақындарының ішінен шираздық Сағиды ерекше атап өткен лазым. Оның «Бустан» және «Гүлстан» дастандарының әсерін Абай шығармаларынан байқау қын емес.

Сағди һижра жыл санағы бойынша 655 жылы (1247 ж.) ұзак саяхаттан Ширазға орала салысымен «Бустанды» аяқтайды. «Бустанның» ескі нұсқалардағы аты – «Сағди наме».

«Бустан» – он тараудан тұратын, «мотақариб» уәзіні үлгісінде жырланған дидактикалық жанрдағы дастан.

Әрбір тарау бірнеше хикаядан, ақынның шағын философиялық-дидактикалық шегіністерінен тұрады. Поэмада әңгіме мен мысалдарға негізгі орын берілгенімен, олар ақынның әңгімеге кіріспеде не сол әңгіменің мазмұнында айтылатын түйін-пікірін нақтылай түсетін көмекшілік рөл атқарады.

М. Әуезов қазақ әдебиеті мен туысқан халықтардың көркем өнерінің алып адым, қауырт қарқынмен көктеп-көгеріп, дамуын, гүлденуін Сағдидің осы «Бустанымен» салыстырып, шығарманы аса жоғары бағалаған: «Баяғыда фарсы елінің ұлы ақыны Саһади (Сағди) өзінің асыл диванын «Бустан» – «Жемісті бақ» деп атаған.

Аударылып, жарыққа шыққан көркем аудармамен қатар қазақ әдебиетінің алуан саласы мәуелеген барлық гүлін жайып, эр түрлі тіл үйіретін, шырын уызды, жемісі мол бақ тәріздес халық «Бустаны» – халық игілігі» [8].

Сағди «Гүлстанды» һижра жыл санағы бойынша 656 жылдың (1248 ж.) көктемінде аяқтайды. «Гүлстан» кіріспеден, 8 тараудан, қорытындыдан тұратын, үйқасқа құрылған прозалық шығарма.

Ирандық белгілі ақын, ғалым Баһар Сағдидің «Гүлстанда» қолданған баяндау әдісін «мансур өлең» яғни қара сөзбен өрілген «ақ өлең» деп атаған.

Сағди бұл шығармада діни құндылықтарға негізделген мінез-құлыш тәрбиесін басты нысананаға алғанын былайша тұжырымдайды:

Мақсатымыз насиҳат болған, айттық,
Басқасын Құдайға тапсырдық та кеттік [2, 22].

М. Әуезов Абайдың қол артқан үш қазынасы жайлы ойын таратқанда мынадай тұжырым жасайды: «... өткен дәуірдің әрбір шығармасына сын көзімен қарап, ең жақсыларын ғана ірікеп алды, өзінің идеялық-көркем шығармаларын, поэзиясын осылармен байыта отырып, оған жаңа түр, жаңа мазмұн берді» [9, 160].

Абай Шығыс мәдениеті мен әдебиетінен нәр алғанда да бәрін бірдей қабылдамай, тек өзіне қажетін таңдал, сұрыптал, шығармашылық ой-көрігінен өткізіп барып қана өз кәдесіне жаратқан.

Абай өлеңдерінен Сағди шығармаларымен тақырып, мазмұн, ой ортақтастығын кездестіреміз. Егер, Рудаки дәуіріндегі ақындардың шығармаларында Жаратушыға мадақ айту жоқтын

қасы болса, Фирдоуси дәуірінен кейінгі парсы шайырларына тән әдіс, ол – шығармаларын әу бастан Жаратушы хақ Тағаланы дәріптең, мадақ айтумен бастайтындықтары. Абайдың Алла Тағаланы мадақтайтын өлеңдері мен Сағдидің жаратқан Аллаға бас ию, Аллаға алғыс айту, Аллаға мойынұсун сияқты жырларының мазмұндас екендігін көруімізге болады. Абай былай деп толғайды:

Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті [5, 112].

Алланың Адамды (ғ.с.) жаратқысы келгенде Жебіреіл, Мекәйіл, Исрафил, Әзіреіл сынды періштелерін жерден бір уыс топырақ алып келуге жұмысағаны, олардың арасынан тек Әзіреілдің ғана батылы жетіп топырақты алып келуі, одан Алланың осы құнгі Адам баласының бітіміндей етіп, адамды махаббатпен сұлу етіп жаратуы, өз демімен әлгі денеге жан бітіруі прозалық діни әңгімелерден белгілі. Адамды таққа отырғызып, жомарттық жасауы, оған періштелерді тағым еткізуі де Алла Тағаланың Адамға деген ұлы махаббатын білдірсе керек. Абай сондай Алланы «сен де сүй» деп келіп: Алланың өзі де рас, сөзі де рас, Рас сөз ешуақытта жалған болмас» [5, 111], деп Алланың барлығын, оның қасиетті кітабы Құран Кәрімдегі аят-хадистердің растығын күеландыра түседі:

Алла мінсіз әуелден, пайғамбар хақ,
Мүмін болсаң үйреніп сен де ұқсан бақ [5, 113].

Ал енді Сағди өлеңдеріне жүгінейік. Сағди «Бустан» кітаптының алғы сөзінен-ақ Жаратқан Алланың атымен сөйлейді:

Жан берген Алланың атымен,
Тіл берген сөз хакімінің атымен.
Жомарт, қамқор Жаратқан –
Кенпейіл, әрі кепшірімді [2, 157].

Әрине, Сағди мен Абай Алла Тағаланы сөз еткенде, шығармаларынан әр ақынның өзіндік ойы мен дүниетанымдық көзқарастары байқалады. Сондай-ақ Алла туралы тақырыптың ұсынылу дәстүрі де екі бөлек. Мәселен, Сағди Шығыс әдебиетінде қалыптасқан Аллаға мадақ (тауһид), пайғамбарға мадақ (нат), сахабаларға мадақ (манақып), патша не әмірлерге мадақ (мадһ) дәстүріне жүгінеді. Сондықтан «Бустан» шығармасының кіріспесінде Алланы, Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарды, сахабалар Әбубәкір, Омар, Осман, Әли Әзіретті, одан кейін өз дәуірінің әмірі Атабек Әбубәкір Сад ибн Зангиді мадақ жырларына арқау етеді. Бұл – жалпы ортағасырлық Шығыс әдебиетінде қалыптасқан үрдіс. Оның басты себебі ислам дінін, тарихын дәріптеу болса, екінші себебі күнкөрістің көзі болған әмір не патша сарайының ілтиратына бөленіп, ақынның нәпақасын айыру үшін ұстанатын тәсілі болған. Сағди антологиясын зерттеушілер ақынның «Сағди» деген «тахаллос» – бүркеншік есімді ел билеушісі Атабек Әбубәкір Саад ибн Зангидің есімінен алған деп есептейді.

Шығыс поэзиясындағы исламды дәріптеу мақсатындағы мадақ дәстүрі қазақтың ауыз әдебиетінің жыр-дастандарына тақырып болғанмен, әмірлер мен патшаны мадактау дәстүрі енген жоқ. Бұл қазақ әдебиетінің шығыстық әдеби үлгілерінің барлығын бірдей емес, қоғамдық қажеттілікке лайықтап қана пайдаланып отырғанын көрсетеді.

Ал Абай шығармашылығына келер болсақ, ол Шығыс әдебиетінің мадактау дәстүрін дәлдеп орында маса да, Аллаға иман келтіріп, исламдық дүниетанымға сәйкес жырлайды.

Шығармаларының өн бойы ақыл, насиҳатқа толы болғандықтан, Сағди парсы әдебиеті әлемінде мінез-құлық тәрбиешісі, тәлімгер ретінде кен танымал. Ұстаз Сағди «Бустанның» тәрбие туралы тарауында бала тәліміне баса назар аударады:

Артында атың қалсын десен,
Үлыңды ақыл мен білімге баулы.
Мәдениеті мен білімі жеткілікті болмаса,
Сен өлген соң артында ешкім қалмайды.
Кольнда Қарун сияқты қазынаң болса да,

Балаңды еңбекке баулы.
Бар байлығына арқа сүйеме.
Нығметтөн айырылғып қалуың ықтимал.
Дорбадагы алтының босап қалар,
Ал қолөнер дорбасы туғесітмес [2, 309]

Сағидидың жоғарыда мысал болған өлең жолдарында Қарун есімі басты кейіпкер болып аталады. Қазақ әдебиетіндегі Қарымбай деген атпен танымал кейіпкер қазак ауыз әдебиетіне Шығыс әдебиетінен енген. Қарун – қазірет Мұсаның заманында өмір сүрген сараң адамның есімі. Рауаят бойынша алғашында Қарун сінірі шыққан кедей болған екен. Содан ол Шығыста кең тараған алхимия ілімінің құпиясын Мұса пайғамбардан үйреніп, байлыққа кенеліпті.

Алхимия – жалған ілім, көзбояушылық. Ертедегі алхимиктер осы жалған ілімнің көмегімен мысты алтынға айналдыруға болады деп ойлаған. Абайдың «Әзім әңгімесіндегі» шалдың Әзімге алдап, үйретпек болған өнері осы алхимия болатын:

Химия ғылымын білуші ем, үйретер ем,
Мысты алтын жасаушы ем, алдамаймын [5, 141].

Сөйтіп, әлгі Қарунның қолы байлыққа жеткен кезде, бар қазынасының оннан бір бөлігін Мұса пайғамбарға беруге ризашылық танытпаған деседі. Кейін Қарун Мұса пайғамбардың қарғысына ұшырап, жер сілкініп, жер қақ айырылып, оны бар байлығымен жұтып қойыпты-мыс. Қарун есімінің жағымсыз мағынада: ашқөздік, сараңдық, есепсіз байлықты баяндағанда пайдаланылатыны да осы себептен. Қазірет Мұсаның қарғысы мен ашу-ызысынан Қарунның қазынасы әлі күнге дейін жердің түбіне батып бара жатыр деген аңыз бар. Дәл осындаи рауаятты қазактың ағартушы-зиялдысы Ы. Алтынсариннің «Жаратты неше алуан жұрт бір Құдайым» деген өлеңінен кездестіреміз:

Ұмытпа бай болдым деп бір Құдайды,
Жер жұтқан қайырсыздан Қарынбайды [10, 31], –

деп Үбырай Шығыста кең тараған рауаятты анық келтіреді.

Қарун жайлы қасиетті Құран Қәрімнің «Қасас» сүресінде де жазылған: «Рас Қарун, Мұсаның (ғ.с.) елінен еді де, оларға қарсы келді. Сондай-ақ оған кілттерін құшті бір топ әрен қөтеретін қазыналар берген едік. Ақыр оны да, үйін де жерге жұтқызыдық. Алладан өзге оған жәрдем етер бір топ болмады әрі оған көмек етілмеді. Бұл атақты Қарун бай, Мұсаның (ғ.с.) жақыны, аскан сараң, мың да бір зекет бер десе бермей Мұсаны (ғ.с.) ел алдында қорлау үшін жала жапсырып, көп ренжітеді » [11, 394-395].

Шығыс халықтары шығармаларында Қарун кейіпкердің жағымсыз сипатта кең танымал болуының басты себебі ол жайлы Құран Қәрімде сөз болуымен де тығыз байланысты.

Ескілік, артта қалушылық, надандық, жәһілдікке жаңы қас, жаңашыл ақын Абай көкіргінде оты бар ойлы жастарды жаңалыққа ұмтылуға, оның негізі – білім-ғылымға көніл бөлу мәсесінен зор мән берді. Артық білуғе, талаптануға шақырды.

«Инсан-е камел» яғни «толық адам» деген ұғымды шығармашылығының алтын арқауына айналдырған қазақтың ұлы ақыны көмілдікке жетудің бір қыры – ғылым-білім, парасатта жатқандағын біліп, сол жайлы ойларды өз шығармашылығының басты нысанасына айналдырды. Абайдың осы тақырыпқа жазған шығармаларының ішінде «Ғылым таппай мақтанба», «Интернатта оқып жүр», «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» атты өлеңдері – шоқтығы биік туындылар. Ғылым жолының бұраланы мол қыын екендігін, еңбек етіп, тер төкпей ғылымға жетудің мүмкін еместігін Абай «Интернатта оқып жүр» өлеңінде былайша жеткізеді:

Иждінатсыз, михнатсыз,
Табылmas ғылым сарасы [5, 69].

«Ғылым таппай мақтанба» атты өлеңінде бұл тақырыпты әрі қарай дамыта түседі, тіпті:

Дүние де өзі, мал да өзі,
Ғылымға көніл бөлсеніз [5, 71]

деп құлашын көнге сермен, ғылым жолына түскен адамның болашағының айқын, жолының сара болатындығына баса назар аударады.

Ұрпақ тәрбиесі – ұлттымыздың болашағының кепілі. Бала тәрбиелеу, оған білім беру Абай шығармашылығының өзегін құрайды. Абай өзінің перзенттері Ақылбай, Әбдірахман, Мағауияның оқу оқып, білімді адам болуын мұрат етті. Абайдың Ділдәдан туған үлкен баласы Ақылбай (1863-1904) бойына әр түрлі өнер дарыған домбырашы, күйші, сазгер болған. Оның «Ақылбай әні» атты эсем музикалық шығармасы осы күнге дейін айтылып жүр. Ақылбай – көлемі шағын жеке өлеңдерімен қатар «Қисса Жүсіп», «Зұлдыс» атты поэмалардың да авторы. Абайдың болашағынан көп уміт күткен, Ділдәдан туған екінші баласы – Әбдірахман (1868-1895) Семей қаласындағы орыс мектебінде оқыды. Түмендегі реальное училищені бітіріп, Петербургтағы Михайлов артиллерия училищесінде де білім алады. Ал Абайдың 25 жасында туған сүйікті баласы Мағауия (Мағаш) – (1870-1904) жастайынан окуға, өнер үйренуге ынталанып өскен, талантты ақын болған. Өлеңдерімен қатар «Медғат-Қасым», «Еңлік-Кебек» поэмаларын жазған [5]. Міне, сондықтан да қазак ақыны адамгершілік идеяларын көбінесе өзінің тәрбиелік, үстаздық қәдесіне пайдалануға тырысып:

Адамның бір қызығы – бала деген,
Баланы оқытуды жек көрmedім,
Баламды медресеге біл деп бердім,
Қызмет қылсын, шен алсын деп бермдім [5, 47], –

дейді.

Абай тағы Жиырма бесінші қара сөзінде «Балаларды оқытқан да жақсы, бірақ құлшылық қыларлық қана, түркі танырлық қана таза оқытса болады. Оның үшін бұл жер даролхәрап, мұнда әуелі мал табу керек, онан соң араб, парсы керек» [5, 109], – деп, Шығыс тілдерін оқытудың қажет екендігіне мән береді.

Абай толық адам болу үшін білімді болып қана қоймай, өнерлі болуға да шақырады. Еңбектің де бұл мұратқа жетуде шешуші

рөл атқаратынына көп мән береді. Өнер мен еңбек мәселесін бөле-жармай, сабактастыра қаастырады:

Әуелі өнер ізделік қолдан келсе,
Ең болмаса еңбекпен мал табалық [5, 62].
Еңбек қылсаң ерінбей,
Тояды қарның тіленбей [5, 111].

Ақын түсінігінде өнер мен еңбек ұғымдары етіз. Екеудің астасып, іштей қабысып, бірін-бірі толықтырып жатады. Екеудің тұп-тамыры, тубі бір. Қара сөздерінде де ақын осы ойды өрбітіп: «Егер де мал керек болса, қолөнер үйренбек керек». «Мал жұтайды, өнер жұтамайды» деген қанатты сөздер айтады. Ақын бұдан былай болыстықтың, би болудың өнер емес екендігін, мұндай мансаптардың күнінің етіп бара жатқандығын, есесіне оку оқып, білім алу керектігіне баса назар аударады:

Тұбінде баянды еңбек егін салған,
Жасынан оку оқып, білім алған.
Би болған, болыс болған өнер емес,
Еңбектің бұдан өзге бәрі жалған [5, 123].

Парсы ақыны Сағди «Бустан» шығармасында адамды ғай-баттап, артынан сөз етуді, өсек тасу, күншілдік сияқты адам бойындағы жағымсыз қылықтарды сынайды: «Сыртымнан ғай-баттауды білгенде, Бетіме де айта біл» [2, 304]; «Қабырға жаңында көп ғайбат сөз айтпа, Ар жағында біреудің тұрмасына кім кепіл» [2, 296]. «Екі адамның арасындағы жанжал отпен пара-пар, Ал бақытсыз өсекші – тезек теруші» [2, 306].

Мұндай ойлар Абайда да көптеп кездеседі:

Өсек, өтірік, мақтаншак
Еріншек, бекер мал шашшак,
Бес дүшшаның білсеңіз [5, 71].
Өтірік, өсек, мақтанға
Ағып тұрган бейне су [5, 82].
Өтірік пен өсекке
Бәйте атындей анқылдар [5, 86]

Сонау Адам Атаниң перзентері – Қабылдың туған бауыры Әбілді көре алмастықпен өлтіріп, жер бетінде алғашқы қан тәгуінен басталған күншілдік Абайдың өзі ғұмыр кешкен дәуірдегі бақталастық, барымта, жер дауы, жесір дауының да басты себебі болған еді. Тіпті осы күнге дейін қоғамымызда белен алып келе жатқан келенсіз қылықтар мен адам бойындағы жаман әдеттердің себебі де осы күншілдік, қызғаншақтық, алауыздық сияқты адам баласын айналсоқтап жүрген жағымсыз қылықтар екендігін данышпан Абай көрегенділікпен «Сабырсыз, арсыз, еріншек» өлеңінде одан әрі сабактай түседі:

Сабырсыз, арсыз, еріншек,
Көрсекұзар, жалмауыз.
Сорлы қазақ сол үшін
Алты бақан, ала ауыз.
Өзін-өзі күндейді,
Жақынын жалған міндейді,
Ол – арсыздық белгісі [5, 80].

Абай күншілдік жайлы жай ғана айтып қоймайды, оқырманын мұндай жаман әдеттен бойын аулақ салуға шақырады:

Күншілдіксіз тату бол шын көнілмен,
Киянатшыл болмақты естен кеткіз [5, 64]!

Нағыз ер-азаматтың бойына сырға беріктіктің тән екендігін, құпиясын кім-көрінгенге айта бермейтінін де Абай қалыс қалдырмайды:

Сүйікті ер білген сырын сыртқа жаймас,
Артыңдан бір ауыз сөз айтып күлмес [5, 64].

Күншілдік жайлы Сағди былайша толғайды: «Егер де ол өзінін күншілдігі үшін тозақ отына жіберілсе, Сен өсекшіл қылығынмен оны соңынан қуа жетесін [2, 302]

Абай сол кезеңдегі өз халқының бойындағы жат мінезді сыйнайды:

Терең ой, терең ғылым ізdemейді,
Өтірік пен есекті жүндей сабап [5, 89].
Ақылы бар кісіні
Файбаттайды, даттайды [5, 82].

Абайдың әлеуметтік теңсіздік, әділетсіздік, озырлық, екі-жүзділік, жауыздық сияқты сол кездегі қазақ қоғамында орын алған келенсіз құбылыстарды сынап, елдің бетке ұстарлары мен билеушілерін әділетке, жақсылыққа үндеуі – оның шығармашылығының Сағди шығармаларымен өзектестігінің тағы бірі қыры. Сағдидің де басқа парсы ақындары шығармашылығынан көзге түсер ерекшелігі – оның өз заманындағы патшалар мен шаһтарды, әміршілерді танқаларлық батылдықпен әділетке, ізгілікке шакыруы, оларға бұл дүниенің өткінші екендігін, мал мен байлықтың жуса кететін қолданың кіріндей жалғандығын өлсендері арқылы сабак боларлық деңгейде жеткізуі иран әдебиетіндеған емес, сонымен қатар әлем әдебиетінде де сол дәүір үшін қарандылықтан шығуға жол нұскаган жарық шамшырақ іспеттеседі.

Сағдидің «Гүлстан» шығармасынан қоғам келбетінің анық көрініс тапқандығы хақында чех ғалымы Ян Рипка да зерттеулерінде атап көрсеткен: «Гулистан» – это поистине зеркало социальных отношений эпохи, отразившее все специфические достоинства и недостатки иранца» [3, 241].

Сағдидің азат ойлы, ештенеден тайсалмай өз пікірін ашық жеткізе алатындығы шығармашылығынан анық анғарылады:

Екінің бірі тайсалмадан шындықты айта алmas,
Сағдиді еркін сойлеметтін құралы – сөз [2, 10].

Сағди шығармашылығында қоғамдық шындықтың айтылуына байланысты жырларының жасампаздық сипатқа ие болғандығын қазақ ғалымы Р. Бердібаев төмендегідей түсіндіреді: «Оз заманына лайық жүйеде болса да, Сағди ел, халықтың, маңызын жоғары бағалайды. Оның шығармаларының ғасырлар бойында

әлемге әйгілі болып келе жатуы да терең шындықтарды айта білуіне байланысты» [12, 66].

Ал ақын Абай сол дәуірдегі қазақ қоғамында белен алған келенсіз құбылыстарды «Сегіз аяқ», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртый», «Болыс болдым, мінеки» т.б өлеңдерінде асқан шыншылдықпен жырға қосып, жағымсыз құбылыстарды бірде синай, енді бірде мысқылдай отырып, оқырманға өз ойын, өз сөзін жеткізеді.

Абайдың «Қалың елім, қазағым, қайран жұртый» өлеңінде заман келбетінің көрініс тапқанын абыттанушы ғалым Ж. Ысмағұлов былайша пайымдайды: «Абайдың заман бейнесін, елдің тіршілік болмысын, халықтың мінез-құлқын аз сөзben бір жерге шоғырландырып, мейлінше ширыға жазған шымыр шығармасы – «Қалың елім, қазағым, қайран жұртый». Бұл өзге көп өлеңдерінде айтылған ойларының түп қазығындағы бағдарламалық мөні бар, іргелі туынды. Өзінің көп жылдық өмір тәжірибесін таразыға тартып, салмақтап келіп, көзімен көрген жарамсыз жайлардан, ел өмірінде, адамдар қарым-қатынасында әбден орын теуіп қалған теріс мінездерден безініп, жерінген ел ағасы ақынның күйініп айтқан жан күйзелісі бар бұл өлеңде. Ұзақ толғаныстардан кейін амалы құрып торықкан адамның, ақыл-санасында қорытылып, жан-жүргегінен жарып шыққан шерлі мұны естіледі бұл өлеңнен» [13, 27-28].

Абай оқып, үлгі тұтқан Шығыс пен Батыстың, орыстың клас-сик ақындары сынды қазақ әдебиетінде классикалық үлгінің негізін салып, әдеби дәстүр үрдісін қалыптастыруды.

Әдебиет теоретигі В.М. Жирмунскийдің жалпы классик ақынның мақсат-міндеті жайлы тұжырымы озық туындылары арқылы классикалық дөрежеге көтерілген Абай мен Сағдига да тән: «Классический поэт имеет перед собой задание объективное: создать прекрасное произведение искусства, законченное и совершенное, самодовлеющий мир, подчиненный своим особым законам. Как искусный зодчий, он строит здание; важно, чтобы здание держалось, подчиненное законам равновесия; если здание укрепилось по законам художественного равновесия, цель поэта

достигнута, он создал произведение искусства, прекрасное и совершенное» [14, 134].

Корыта айтқанда, Абай мен Сағидің әдеби мұрасынан көрініс беретін үқастықтардың төмендегі белгілерден байқалатынын анықтады:

Біріншіден, екі ақынның шығармашылығынан дүние жүзілік классик ақын-жазушылардың шығармаларына тән әлемдік көзқарастың көрініс табуі; екіншіден, олардың әдеби мұраларының өміршендігі, тіпті мәңгіліктілігі, олардың қай ғасырда болмасын әр ұрпаққа түсінікті болуы; үшіншіден, шығармаларының өн бойының насиҳат пен өнеге-нақылға толы болуы; төртіншіден, екі ақынның шығармаларының да адамгершілік рухта жазылуы, сол себепті екеуінің де әдебиет әлемінде ақылман Ұстаз ретінде танымал болуы.

Әдебиеттер

1. Абай туралы сөз. – Алматы: Журналист, 1996. – 136 б.
2. 1383، کمن: نارهت – ص. دعیس تاولک.
3. История персидской и таджикской литературы / под ред. Яна Рипка. – М.: Прогресс, 1970. – 440 с.
4. Конрад Н.И. Запад и Восток. – М.: Наука, 1972. – 497 с.
5. Абай. Шығармаларының екі томдық тольқ жинағы: өлеңдер мен аудармалар. – Алматы: Жазушы, 1995. 1-том. – 336 б.
6. Абай. Шығармаларының екі томдық тольқ жинағы: өлеңдер мен аудармалар. Поэмалар. Қара сөздер. – Алматы: Жазушы, 1995. 2-том. – 380 б.
7. Мырзахметұлы М. М. Өуезов және Абайтану проблемалары. – Алматы: Фылым, 1982. – 296 б.
8. Егеубаев А. Кісілік кітабы. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 320 б.
9. М. Өуезов. Халықтық Бустан // Қазақ әдебиеті. – 12 декабрь. – 1958.
10. Өуезов М.О. Жиырма томдық шығармалар жинағы: монография мен мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 20-том. – 496 б.
11. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Фылым, 1994. – 288 б.
12. Құран Кәрім / ауд. Х. Алтай. – Мәдіне, 1991. – 604 б.
13. Бердібаев Р. Ғұлстанының бүлбүлдары. – Алматы: Жазушы, 1970. – 240 б.
14. Ысмағұлов Ж. Абай: даналық дәрістері. – Алматы: Өнер, 2008. – 400 б.
15. Жирмунский В.М. Теория литературы. Поэтика. – Л.: Наука, 1977. – 407.

ТҮСІНІКТЕР

1. Қойгелдиев М. Абай тұлғасы мен мұрасының қазақ тарихындағы орны. Бұрын баспасөзде жарияланған. Қазақтың бас ақыны: халықаралық гылыми-теориялық конференция материалдары / құраст. С. Корабай. – Алматы: Дәуір, 2004. – 10-16-беттер.
2. Медетбеков Т. Менің Абайым! Бұрын баспасөзде жарияланған. Сөзстан (Жас қаламгерлер кітапханасы). – Алматы: Жалын, 1986.
3. Жұртбай Т. Қарақек. Бұрын баспасөзде жарияланған. Жұртбай Тұрсын. Құнанбай: тарихи және әдеби тұлға. – Алматы: Алаш, 2004. – 20-60-беттер.
4. Негимов С. «Қайтып шығар ілімнен...» Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай институтының хабаршысы. – 2012. – №3 (15). – 57-64-беттер.
5. Шеріп А. Абайдың «жазуы мен айтуы»: жаңа ментальдік жолында. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай институтының хабаршысы. – 2012. – №3 (15). – 57-64-беттер.
6. Жеменей И. Абай және әл-Фараби. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай институтының хабаршысы. – 2012. – №3 (15). – 65-75-беттер.
7. Ісімақова А. Абай мұрасы – бүтінгі рухани қажеттілік. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай және қазіргі қазақ әдебиеті: республикалық гылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы, – 2007. – 15-28-беттер.
8. Қамзин К. «Семипалатинские областные ведомости» газеті Абай айналасы туралы. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай институтының вебсайты.
9. Тайшыбай З. Ескендір әңгімесі. Бұрын баспасөзде жарияланған. Тайшыбай Зарқын. Абайтану арнасында (1889-1916). – Петропавл, 2009. – 182-203-беттер.
10. Айтқазин Т. Абай философиясындағы адам мұраты. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абайдың дүниетанымы мен философиясы. – Алматы: Фылым, 1995. – 155-167-беттер.
11. Ысқақұлы Д. Аудармадағы Абай дәстүрі. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай институтының вебсайты.
12. Қоңыратбаев Т. Абай Құнанбайұлы. Бұрын баспасөзде жарияланған. Әлемдік өнертану. III том. Музыка өнері. Тынысбек Қоңыратбай. 306-310-беттер.
13. Борбасов С. Абай тағылымы // Ақиқат. – 1995. – №1. – 61-64-беттер; Ақиқат. – 1995. – №2. – 61-63-беттер.
14. Шапай Т. Тынныштық метафорасы. Бұрын баспасөз бетінде жарияланған: Шапай Т. Шын жүрек – бір жүрек: Эссе. Әдеби сын. Зерттеу. – Алматы: Жазушы, 1999. – 69-81-беттер.

15. Кемелбаева А. Гете мен Абай // Жұлдыз. – 2011. – №1; Жұлдыз. – 2011. – №2.
16. Ахметбекова А. Йасауи мен Абайдың поэтикалық дәстүрі. Бұрын баспасөзде жарияланған. Юбилейный альманах Института развития Казахстана. 150-летию Абая. – Алматы: Институт развития Казахстана, 1995. – 43-49-беттер.
17. Палтере І. Абай шығармаларындағы Алланың көркем есімдерінің кейіріне лексика-семантикалық талдау. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай институтының хабаршысы. – 2012. – №4 (16). – 77-81-беттер.
18. Сейітова А. Абай мен Сағди поэзиясындағы ұқсас ой сарындары. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай институтының хабаршысы. – 2012. – №4 (16). – 64-69-беттер.
19. Рахимов Қ. Абайдың даналық философия ғылымы деңгейіндегі көрінісі. Бұрын баспасөзде жарияланған. Юбилейный альманах Института развития Казахстана. 150-летию Абая. – Алматы: Институт развития Казахстана, 1995. – 50-62-беттер.
20. Раев Қ. Абай шығармашылығындағы рухани құндылықтардың мәні. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай және қазіргі қазақ әдебиеті: республикалық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы, 2007. – 100-104-беттер.

МАЗМҰНЫ

Койгелдиев М. Абай тұлғасы мен мұрасының казақ тарихындағы орны	3
Медетбеков Т. Менің Абайым!	12
Жүртбай Т. Қаракөк	26
Негимов С. « Қайғы шығар ілімнен... »	68
Шеріп А. Абайдың «жазуы» мен айтуы: жаңа ментальдік жолында	76
Жеменей И. Абай және әл-Фараби	84
Ісімақова А. Абай мұрасы – бүтінгі рухани қажеттілік	91
Қамзин К. « Семипалатинские областные ведомости » газеті Абай айналасы туралы	106
Тайшыбай З. Ескендір әңгімесі	124
Айтқазин Т. Абай философиясындағы адам туралы	145
Ысқақұлы Д. Аудармадагы Абай дәстүрі	158
Қоңыратбаев Т. Абай Құнаанбайұлы	198
Борбасов С. Абай тағылымы	203
Шапай Т. Тыныштық метафорасы	219
Кемелбаева А. Гете мен Абай	234
Ахметбекова А. Йасауи мен Абайдың поэтикалық дәстүрі	251
Палтөре Ы. Абай шығармаларындағы Алланың көркем есімдерінің кейіріне лексика-семантикалық талдау	258
Сейитова А. Абай мен Сағди поэзиясындағы ұқсас ой-сауындары	270
Рахимов К. Абайдың даниалық философия тылымы деңгейіндегі көрінісі	284
Раев К. Абай шығармашылығындағы рухани құндылықтардың мәні	298
Түсініктеп	304

Оқу басылымы

**АБАЙТАНУ
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР
VII том
Ойлар мен толғаныстар**

Күрастырып, түсініктерін жазғандар:
П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Редакторы *K. Мухадиева*
Компьютерде беттеген *Y. Әбдиқайымова*
Мұқабасын безендірген *K. Өмірбекова*

ИБ№9141

Басуға 26.01.16 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.
Көлемі 19,2 б.т. Офсетті қағаз. Сандақ басылыш. Тапсырыс №4356.
Таралымы 50 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.